

## АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ӨНДІРІСІНДЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТІК ТӘСІЛДЕРДІ ЕҢГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Бұхарбаева Ақмарал Жетібайқызы*  
*Қорқыт Ата атындағы*  
*Қызылорда мемлекеттік университеті*

---

Ауыл шаруашылығы басқа салаларға қарағанда ерекше сала. Ол ұдайы мемлекет тарапынан қолдауды, тәуекелділікті, заңның жетілдірілуін талап етеді. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің заман талабына сай ғылыми техникалық прогресстің жетістіктерін пайдалану көрсеткіштерін жоғарылату арқылы олардың бәсекелестік қабілетін арттыру – ауыл шаруашылығын өркендетудің басты факторларының бірі болып табылады [1].


Ауыл шаруашылығы өніміне өсіп отырған жаһандық сұраныс жағдайында ауқымды жаңғырту қажет. Әлемдік азық-түлік нарығының көшбасшысы болу және ауыл шаруашылығы өндірісін арттыру үшін бізге мыналар қажет: егістік алаңын ұлғайту; егістік түсімін, ең алдымен жаңа технологиялар енгізу есебінен елеулі көтеру қажет; әлемдік деңгейдегі мал шаруашылығы жемшөп базасын құру үшін үлкен әлеуетке иеміз; экологиялыққа баса назар аудара отырып, ұлттық бәсекеге қабілетті брендтер құруға тиіспіз [2]. Сонымен жер өңдеу мәдениетін өзгерту және жаңа ғылыми, технологиялық, басқарушылық жетістіктерді ескере отырып, мал шаруашылығындағы дәстүрлерімізді жаңғыртуымыз қажет; аса ірі экспорттық нарықты меңгеру үшін біз қай азық-түліктің жаппай өндірісін басты етіп қоятынымызды айқындауымыз керек.

Қазақстан Республикасы аграрлық саясатының стратегиялық түпкі нысаны отандық өндірісті дамыту, өнім сапасын жақсарту, оның өзіндік құнын әлемдік бәсекелестік деңгейінен асырмау және өнеркәсіпті шикізатпен толық қанағаттандыру болып табылады. Рас, нарықтық экономика басталған алғашқы жылдардағы ағаттықтардан ауыл шаруашылығында зор нұқсан келтіріліп, ауылшаруашылық саланың көптеген шаруашылықтарының жағдайы төмендеді, егістіктің көлемі қысқарды, мал басы азайды, материалдық-техникалық құралдар жетіспеді және т.б. Бұл, әрине қоғамдағы жаңарулар тұсында туатын уақытша құбылыс болатын, көп ұзамай-ақ халық бұрынғы психологияны тастап, айналасына жаңа көзқараспен қарап, уақыт көшіне тек кәсіпкерлікпен шындап айналысқанда ғана ілесе алатындықтарын түсінді. Шаруа қожалықтары құрылып, кәсіпкерлік істер өріс алуда. Қазіргі таңда ауыл шаруашылығындағы маңызды өндіріс күші-шаруа қожалықтары мен тұрғындар шаруашылықтары болып отыр.

Шаруашылықтардың жағдайы көптеген объективті және субъективті әсерлерге байланысты, өндірістің көлемі, тауарлылығы және табысы әртүрлі сипатқа ие. Атап айтсақ, меншігіндегі жерді өңдеп, өнім алу үшін қажетті техниканың жетіспеуі, қаржы тапшылығы, өңдеу, сақтау және өткізу қызметтерінде кедергілердің көптеп болуы себептерінен еліміздің ауыл шаруашылығы өндірісі өз деңгейінде дами алмай отыр. Сондықтан да көптеген ауыл шаруашылығы өндірісіндегі сұрақтарды жаңаша түрде қарастыру – бүгінгі күні өзекті мәселе болып отыр.

Нарықтық экономикада кәсіпорынның қызметінің тиімділігі ең алдымен оның шаруашылықты тиімді жүргізу мен басқару негізінде атқарылады. Бұл мәселені шешу жолының бірі болып агроөнеркәсіптік өндірісте экономикалық үдерістерді дамыту арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан осы аталған іс-әректің алдыңғы қадамы болып аграрлық секторда экономикалық үдерісті бағалау және оны жетілдіру тетігін қарастыру болып табылады.

Сурет 1 экономикалық үдерістің сыныптамасы көрсетілген (сур. 1).




Ескерту – Дерек көзі [3].

Сурет 1- Экономикалық үдерістің сыныптамасы

Экономикалық үдеріс бағытталған басқарудың негізі — компанияны басқарудың күрделі, бірақ тиімді әдісі болып табылады. Бұл өндірістік емес шығындарды қысқартатын ғана емес, сонымен бірге өнімнің сапасын арттыратын мінсіз басқарушы аспабы, бизнестің ағымдағы үдерісі жайлы толық ақпаратқа ие болуға және уақытылы, стратегиялық тұрғыдан алғанда, дұрыс шешімдерді қабылдауға мүмкіндік беретін құрал.

Сурет 2 экономикалық үдерістің түрлері мен орындайтын функцияларын бейнелейді (сур. 2).



Ескерту – Дерек көзі [3].

Сурет 2 - Экономикалық үдерістердің түрлері мен функциялары

Ауыл шаруашылық өндірісіне үдерістік тәсілді іске енгізудің маңызды кезеңдері болып келісілер болады:

1. Іс жүзіндегі экономикалық үдерістерді анықтау және сипаттау және өндірістегі үдерістер жалпы желісіндегі өзара байланысын ретке келтіру.
2. Экономикалық үдерістерді бүкіл желісін әр сегмент бойынша жетекшілердің жауакершілігін бөліп беру.
3. Жүйе жұмысын реттеуші регламенттерді өңдеу және бекіту.
4. Оларды өлшеудің көрсеткіштер тиімділігі мен әдістемесін анықтау
5. Ресурстар мен регламенттерді басқару.

Өндіріске экономикалық үдерісті енгізуде кез-келген кәсіпорын белгілі бір өндірістік қиындықтармен кездеседі. Сол қиындықтарды жеңу үшін әр кәсіпорын әрқилы саясат қолданады. Ұлттық экономикада әзірше өндірістік инновация қызметін толық жүзеге асыратын шаруашылық субъектілері аз. Бұған инновациялық идеяларға, оны жүзеге асыруға мемлекеттік қамқорлықтың аз көлемде болуы себеп. Сондықтан экономиканың жалпы жағдайы, қаржы тапшылығы, болашаққа сенімнің әлсіздігі өндірістік инновацияның дамуына кедергі болып отыр.

Жаңалықты енгізу – бұл кез-келген ұйымға қиын және ауыр үдеріс. Барлық жағдайда шешім қабылдау үшін әр субъектімен баламалы технологиялар алдағы реципиенттермен қабылданған шешімдермен салыстырылады. Бірақ бұл нарықта фирмалардың бәсекелестік жағдайына байланысты болғандықтан мұндай ақпарат алу қиын. Әр фирма барлық көптеген реципиенттерден аз фирмалардың тәжірибесімен таныс болуы мүмкін. Бұл нарықтық экономикада жаңалықтың диффузиясы мен шешім қабылдау үдерістерінің белгісіздігін түсіндіреді. Белгісіздіктің

басқа бір себебі жаңалықтың өзімен байланысты. Диффузияның әуелгі стадияларында олардың әлеуетті табыстылығы белгісіз. Жаңалықты енгізу және қолдану тәжірибесінің жинақталуымен белгісіздік жойылуы мүмкін. Жаңалықты қолданудың тәуекелі мен белгісіздігінің төмендеуі оның нарыққа ену әлеуеті жойылып, табыстылығы төмендейді. Кез-келген жаңалықты пайдаланудан қосымша табыс алу мүмкіндігі уақытша және оның таралу шегінің жақындауына қарай төмендейді [4].

Сонымен қатар жаңалықтың диффузиясы имитаторлар стратегиясы тәрізді пионерлік реципиенттер санына байланысты. Кәсіпкерлер жаңа технологиялық мүмкіндіктер алады, бірақ олардың жүзеге асуы имитатордың таңдауына байланысты. Нарықта қалыптасу ықтималдығы көбіне пионерлік ұйымдар қолданатын технологиялар үшін болады. Әрине, технологиялар бәсекесінің нәтижесі нарықтағы барлық агенттер таңдауымен анықталады, бірақ кейінгілерге қарағанда әуелгі реципиенттердің әсері күштірек болады.

Егер де радикалды жаңалық туралы сөз болатын болса, жаңалықтардың қатысты артықшылықтарын олардың диффузияларының әуелгі фазаларында бағалау қиын. Мұндай жағдайда болашақ технологиялық даму ісінде маңызды рөлді ізбасарлардың таңдауы алады. Әрбір таңдау технологияға сәйкес бәсеке қабілеттілігін жоғарылатуға мүмкіндік береді және жалғастырушы шаруашылық субъектілерінің есепке алатын бұрынғы жасалған таңдауларды қабылдау оның мүмкіндігін өсіреді. Көптеген шаруашылық субъектілерімен тиімді технологиялар игеріліп және оларға қатысты артықшылықтар белгілі болып, жеткілікті тәжірибе жинақталғаннан кейін, жалғастырушы реципиенттер тиімді технологиялардың күтілетін табыстылығына негізделе отырып шешім қабылдайды. Нәтижесінде нарықтың жаңа тиімді технологиялармен соңғы бөлінуі имитаторлар стратегиясымен анықталады.

Аймақтық инновациялық жүйесінің инфрақұрылымын ауыл шаруашылық ғылыми мамандар анағұрлым шоғырланған аудандарда құру зор маңызға ие болуда. Бұл әр түрлі ғылыми-техникалық зерттеу ұйымдарын, сонымен бірге ауыл шаруашылығын ғылыми негізде жүргізу әдістері мен тәсілдерін меңгеретін әкімшілік аумақтық ұйымдарды құруға мүмкіндік береді. Ауыл шаруашылық өнім өндірісін тұрақтандыру мен дамуының маңызды шарты ғылыми-техникалық үрдістің рөлін көтеру, ал ғылыми-техникалық үрдістің қозғаушы күші инновациялық үрдіс. Инновациялық үрдістің нәтижесінде, оған сәйкес инновациялық саясатты жүзеге асырумен, агроөнеркәсіп өндірісінде тікелей ғылыми салада алынған ғылыми жетістіктер ендіру оның өндірісін елеулі жаңғыртады [5].

Жоғары өндірістік-экономикалық көрсеткіштерге ие шаруашылықтардың қызметтерінің тәжірибесі, олардың сол деңгейге төмендегі шарттарды орындау арқылы іс-жүзінде асыруға қол жеткізгендігін дәлелдейді: кәсіпорындардың жұмысшылары мен жетекшілерінің инновациялық белсенділігінің жоғары деңгейде болуы; шаруашылықтардың нақты әлеуетінің негізінде инновациялық қызметінің басымдылық бағыттарын анықтап, оны іс-жүзіне асыру арқылы; ғылым мен техника жетістіктерінің негізінде кәсіпорынның экономикасын сауықтыру бағдарламалары мен шараларын әзірлеп және оларды іске асыру арқылы.

Сонымен, ауыл шаруашылық өндірісін озық техникамен, технологиямен қамтамасыз ету үшін жаңа экономикалық тетік пен инновациялық даму нәтижелерін әрбір ішкі салада пайдалану қарастырылуда. Ол өз кезегінде өндірістің техникалық, технологиялық деңгейінің негізін көтеру, жаңа технологиялық үрдістерді енгізу, қалыптастыру, еңбекті ұйымдастыру мәдениетінің өркендеуі сондай-ақ өнімнің сапасын жақсарту, оның әлемдік нарықтағы бәсекелестік дәрежесін арттыруға алып келеді.

### Әдебиеттер тізімі

1. Программа по развитию агропромышленного комплекса в Республике Казахстан на 2013-2020 годы «Агробизнес-2020» Утверждена постановлением Правительства Республики Казахстан от 18 февраля 2013 года № 151.
2. Добрынин, В.А. Актуальные проблемы экономики АПК. Уч. пособие / В.А. Добрынин. – М.: Издательство МСХА, 2015. – 280 с..
3. Уварин Н.Л. Экономические методы управления предприятием. – М.: Изд-во МГУ, 2012. – 500 с.
4. Кузнецов, В.В. Экономика сельского хозяйства / В.В. Кузнецов – Ростов—на—Дону: Феникс, 2014. – 352 с.с.
5. Радионов В.В. Управленческие решения: технология, методы, инструменты: учебное пособие / В.В.Радионов, П.В.Шеметов, Л.Е.Чередникова, С.В.Петухова. – М.: Омега-Л, 2015. – 407 с.